

**Слушаш Құрмашқызы Салихова^{1*}, Мереке Сатылғанқызы Атабаева²,
Зеки Каймаз³**

^{1*}автор-корреспондент, магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0009-3927-4272 E-mail: Salihova88@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8898-5569 E-mail: m.atabaeva@gmail.com

³философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Түркия, Измир қ.,
ORCID: 0000-0002-1332-2899 E-mail: z.kaymaz@mail.ru

ЖЕТІСУ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ КӨНЕТҮРКІЛІК ҚАБАТЫ ЖАЙЫНДА

Андатпа. Мақалада Жетісу аймағы су нысаны атауларының тарихи-танымдық қабаттары жайында, атап айтқанда, оның ежелгі көне түркілік қабаты туралы сөз болады. Тіл ғылымының қазіргі кезеңінде осы көне түркілік қабатқа тән саналатын атаулардың түпкі мазмұнындағы дүниетанымдық ақпаратты айқындап, халықтық біліммен жете танысу өзекті мәселе болып отырғаны анық. Мақаланың мақсаты – дыбыстық, құрылымдық өзгерістерге ұшырау нәтижесінде қазіргі кезеңде мағынасы түсініксіздеу (Лавар, Лабасы т.б.) көрініп жүрген атаулардың архисемасын этимологиялық талдау әдісі арқылы жаңғыртып, халықтың білім негізін таныту, атаулардың құрылымдық, аталымдық белгі тұрғысындағы ерекшелігін көрсету. Зерттеудің жетекші идеясы – топономиканың ең көне әрі тұрақты қабаты болып табылатын су нысаны атауларының қазақ халқының өмір сүру дағдысы, тыныс-тіршілігінің, тарихының куәсі саналу себебін анықтау. Кіріспе бөлімде антропоэлектік бағыт зерттеулеріне сәйкес тіл мен мәдениет сабақтастығы ұлт мәдениетінің әр кезеңіндегі көріністерін бойына жинақтаған терең мазмұнды тілдік қабаттары жайындағы зерттеулерді сараптау негізінде дәйектелді. Мақалада топологиялық кеңістікті лингвистикалық зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдану көне гидронимдер өзегіндегі этномәдени семантиканы анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі нәтижелер есте жоқ ескі замандарда пайда болған нақты су нысаны атауларын талдау арқылы алынды. Зерттеудің ғылыми құндылығы нәтижелердің этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. салалары бойынша зерттеулерге өзіндік үлес қоса алатындығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар талданған деректерді лингвомәдениеттану, этнолингвистика салалары бойынша сөздіктер, мәтіндер құрастыруда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: топонимдер; Жетісу гидронимдері; су нысаны атаулары; лексикалық қабат; этномәдени мазмұн

Сілтеме жасау үшін: Салихова С.Қ., Атабаева М.С., Каймаз З. Жетісу гидронимдерінің көнетүркілік қабаты жайында. *Tiltanym*, 2024. №4 (96). 90-98-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-90-98>

**Слушаш Курмашовна Салихова^{1*}, Мереке Сатылғановна Атабаева²,
Зеки Каймаз³**

^{1*}автор-корреспондент, магистр, Казахский национальный женский педагогический университет,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0009-3927-4272 E-mail: Salihova88@mail.ru.

²доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический
университет, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8898-5569 E-mail: m.atabaeva@gmail.com

³доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Түрция, г. Измир,
ORCID: 0000-0002-1332-2899 E-mail: z.kaymaz@mail.ru

ДРЕВНЕТЮРКСКИЙ ПЛАСТ ГИДРОНИМОВ ЖЕТЫСУ

Аннотация. В статье говорится об историко-познавательном аспекте названий водоемов Жетысуского региона, в частности, о его древнем, древнетюркском пласте. На современном этапе лингвистической науки актуальной становится проблема детального ознакомления с народными знаниями, выявления мировоззренческой информации в конечном содержании названий, характерных для этого древнетюркского пласта. Цель статьи – показать основы знаний народа путем обновления архисемы имен, значение которых неясно в современный период в результате звуковых и структурных изменений (Лавар, Лабасы и др.), с использованием метода этимологического анализа, чтобы показать специфику имен с точки зрения структурных и именуемых признаков. Ведущая идея исследования – определить причину, по которой названия водных объектов, являющиеся древнейшим и наиболее устойчивым пластом топономики, считаются свидетелями быта и истории казахского народа. Во вступительной части на основе анализа исследований языковых пластов глубинного содержания, собиравших проявления культуры народа в каждый период, определялась преэссенциальность языка и культуры по антропоцентрическому направлению исследований. В статье использование лингвистических методов исследования топологического пространства

позволило определить этнокультурную семантику в основе древних гидронимов. Основные результаты получены на основе анализа названий конкретных водоемов, появившихся с незапамятных времен. Научная ценность исследования объясняется тем, что полученные результаты могут внести свой вклад в исследования в областях этнолингвистики, лингвокультурологии и др. Кроме того, проанализированные данные могут предоставить информацию при составлении словарей и текстов в области лингвокультурологии и этнолингвистики.

Ключевые слова: топонимы; гидронимы Жетысу; названия водных объектов; лексический слой; этнокультурное содержание

Для цитирования: Салихова С.К., Атабаева М.С., Каймаз З. Древнетюркский пласт гидронимов Жетысу. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). С. 90-98. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-90-98>

Slushash Salikhova^{1*}, Mereke Atabayeva², Zeki Kaymaz³

^{1*}Corresponding author, Master, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0009-3927-4272 E-mail: Salihova88@mail.ru

²Doctor of Philological Sciences, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8898-5569 E-mail: m.atabaeva@gmail.com

³Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Ege University, Turkey, Izmir, ORCID: 0000-0002-1332-2899 E-mail: z.kaymaz@mail.ru

ON THE ANCIENT TURKIC STRATUM OF HYDRONYMS IN ZHETYSU

Abstract. This article deals with the historical and etymological aspects of the names of water bodies of the Zhetysu region, namely, the ancient Turkic beginning of the names. The study of the etymological content of ancient Turkic names allows a deep understanding of the worldview, the degree of education of people of the period under study. The purpose of the article is to study the foundations of education of the population through an etymological analysis of the archischeme of names, the understanding of the meanings of which, at the present stage, causes difficulties due to structural, sound changes (Lavar, Labasy, etc.), to show the structural specifics of the names. The leading idea of the study is to identify the reasons why the names of water bodies, which are the oldest and most stable layer of toponomics, reflect the main points of life, as well as the history of the development of the Kazakh people. The introductory part presents information that reveals the continuity of language and culture in accordance with anthropolinguistic studies, based on the analysis of studies of deep meaningful linguistic layers that bear the imprints of different periods of national culture. The use of methods of linguistic research of the topological space made it possible to reflect in the article the identified ethno-cultural semantics underlying the ancient hydronyms. The main results were obtained based on the analysis of the names of specific bodies of water that have appeared since time immemorial. The scientific value of the study lies in the significance of the results obtained for research in the field of ethnolinguistics, linguoculturology, etc. In addition, the data obtained may be of factual interest for compilers of dictionaries, texts in the field of linguoculturology, ethnolinguistics.

Keywords: toponyms; hydronyms of Zhetysu; names of water bodies; lexical layer; ethnocultural content

For citation: Salikhova, S., Atabayeva, M., Kaymaz, Z. On the Ancient Turkic Stratum of Hydronyms in Zhetysu. *Tiltanyim*, 2024. №4 (96). P. 90-98. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-90-98>

Кіріспе

Ежелден-ақ халық аузында «Жер жаннаты – Жетісу» деп аталатын қыдыр дарыған қасиетті өлке бар. Батысында – Жамбыл, шығысында – Шығыс Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы, солтүстігінде – Қарағанды облысы, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен шектесіп жатыр. Табиғаты тамылжыған таулы да орманды, сулы да нулы өлкенің осыншама мол жер-су атаулары тілдік тұрғыдан алғанда біркелкі емес, ол өлкенің тарихи-әлеуметтік, географиялық жағдайына байланысты, сол себепті мұндағы атаулар ұлт тарихының, мәдени мұрасының баға жетпес көзі, көне тарих соқпақтарының ізі болып табылады.

«Әр халықтың өзін қоршаған орта әлем туралы түсінігі мен көзқарасынан ономастиканың салалары құралады немесе ономастиканы халықтың әлем туралы таным-түсінігі құрайды» (Атабаева, 2020: 167), – дейтін пайым ономастика салаларының кеңдігін танытса, топонимдер әлемі, оның өзегі гидронимдер жүйесі де сан салалы. Көрнекті ономаст ғалым Т. Жанұзақовтың пайымдауынша, өлке тарихына көз жібергенде, ертедегі ұлы оқиғалардың, әрбір дәуірде өмір сүріп, ізін қалдырған талай тайпалар мен ұлыс, ұлт, халықтардың өткенін көруге болады. «Жер-судың аты – тарихтың хаты» демекші, қасиетті бұл өлке қаншама кең, ұлан-ғайыр болса, оның бет-бедері де атау сөздерге толы, бай, әлі күнге сыры ашылып жазылмаған кітап. Ғасырлар бойы ұлттың алтын қорындай сақталып, сарғайып жатқан сырға толы сол атауларды зерделей зерттеп,

халық игілігіне жарату абзал іс болмақ (Жанұзақов, 2005: 10-20).

Тақырыпты таңдауға, біріншіден, «Жерұйық» мекеніндегі су нысандарының молдығы болса, екіншіден, олардың аймақтық деңгейде аса кең зерттеле қоймағандығы себеп болғаны анық. Осыған орай аймақ гидронимдері тарихи-танымдық қабаттарға бөлініп, оның көне түркілік қабатына көбірек назар аударылды.

Материал және әдістер

Су нысаны атауларының көне қабатын танып, түсіну талабы этномәдени мағынаны ашып, талдау принциптері мен тәсілдері арқылы жүзеге асады. Осыған орай ғылыми бағыттың өзіндік зерттеу нысаны, дереккөз алатын арнасы мен зерттеудің принциптері, зерттеу тәсілдері туындайды. Ә.Т. Қайдар айтқандай, «этнолингвистикалық мағына» деген атау табиғатына тереңдеп барып зерттеуді қажетсінеді, осыдан этнолингвистикалық зерделеудің маңызды принципін «індете зерттеу» шығады (Қайдар, 1998: 21). Ә.Т. Қайдардың түсіндіруінше, аңшылар лексиконында «аңды індетіп алу» – тазылардан қашып келіп, жан сауғалап, кез келген інге тығылған аңды су құйып, түгін салып, таяқ жүгіртіп т.б. қолға түсіру әдісі. Лингвистикада ол шартты түрде алынғанымен, мақсаты сөз мағынасына терең үңіліп зерттеу дегенге саяды. Лингвистикалық тілмен айтқанда, толық этимологиялық талдау дегенді білдіреді. Бұл мақсатқа жету үшін ұлт болмысы туралы дерек беретін, «негізгі және туынды мағыналық бірліктерді» сан жағынан да, мағына жағынан да толықтырып, көлемін үлкейтіп, қолданылу аясын кеңейтіп отыратын көздерін «этнолингвистикалық арналар» деп атайды: баламалар, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті – осының үлгілері. Бұл мақалада сөз болып отырған мәселе осы арналарға тікелей қатысты. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың осындай ерекшеліктерінен зерттеу принциптері анықталады: 1) этнос болмысын тілдік деректер арқылы танып-білу принципі, Ә. Қайдардың пікірі бойынша, этностың ұлттық болмысын тіл байлығы, «тіл әлемі» ғана толық таныта алады; 2) «індете зерттеу» – лексикалық байлықтың мазмұнын толық ашу принципі, этнос болмысына қатысты деректерді (сөздіктер, сөздіктерге енбейтін бейнелі, көркем сөз өрнектері, әзіл-қалжың т.б.) түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу нақышы, өрнектерімен суреттеу; 3) жүйелілік принципі, лексика – жүйелі құбылыс, этнос болмысындағы заттар мен құбылыс атаулары бірінен-бірі туындап, мағына-мазмұн жағынан, логикалық-тақырыптық жағынан жүйе-жүйесімен тұрған объективті заңдылық бойынша реттелген дүние, осыдан 4) классификациялау принципі туындайды (Қайдар, 1998: 20-24).

Этномәдени семантика нақты су нысаны (*Қасқабұлақ, Майлысай, Алтынкөл, Көкбелсу, Жаманбұлақ, Ащыбұлақ, Талдыбұлақ, Сарыбұлақ, Жылысай* т.б.) атаулары мен теңеу (*судай тұнық, сүттей ақ* – адал, еш күнәсі жоқ адам); фразеологизм (*су жұқпас, қара судан қаймақ алды* – алаяқ, жылшос, суайт адам), *метафора* (*Тентек* – өзен, ағысы қатты, буырқанып, көпіршіп жатады), мақал-мәтел (*Сулы жер құрақсыз болмас, Таулы жер бұлақсыз болмас*) тәрізді су компонентті этномәдени бірліктердің ішкі мазмұнында сақталған, оны лингвистикалық амал-тәсілдер арқылы ашып түсінуге болады.

Осыған орай зерттеу материалдары тарихи дереккөздерден, жалпы топонимдік жүйеге, аймақтық гидронимдерге қатысты зерттеулер мен сөздіктерден, энциклопедиялардан алынды. Топонимдерді зерттеудің алғашқы кезеңінде біздің дәуірімізге жеткен топонимдердің көпшілігі тау, теңіз, өзен, көл атаулары болса, кейбіреулері қала аттары ретінде ұшырайтыны айтылған. Осы алғаш пайда болған атаулар көнетүркілік қабатты құрайды. Су нысаны атаулары елді мекен, жер бедері, өсімдіктер мен жан-жануар атауларымен байланысты. Сол себепті жер-су атауларын семантикалық тұрғыдан зерттеуде, негізінен, семантикалық, мағыналық-тақырыптық топтар бойынша, нысанның әртүрлі белгісі, адамдардың шаруашылығы, өмір салты тәрізді белгілеріне қарай жіктеуге мән беріліп келеді. Сондықтан мұндай жағдайда салыстыру, семантикалық, компоненттік талдау әдістері этимологиялық талдау әдісімен өзектесе кең қолданылады. Бұл әдістермен қатар жүйелі түрде салыстырмалы, ретроспективті, ареалдық әдістер көнетүркілік қабатқа жатқызылатын гидронимдерді талдап, семантикасын түсінуде тиімді болады.

Әдебиетке шолу

Қазақстанда жер-су атаулары жүйесін аймақтық сипатта, этномәдени семантиканы таныту, ұлттық тәрбие беру мақсатында зерттеуге деген сұраныс артып келеді. Осыған орай

Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ә.Т. Қайдар, Д. Жүнісов т.б. ғалымдармен қатар, түркітанушы А.М. Щербактың, этимологиялық талдауда тәжік, өзбек, якут тілдерінің сөздіктеріне сілтемелер жасалды. Түркітанушы ғалымдар, әсіресе А.М. Щербак, Э.К. Пекарский және Т. Нафасов, гидронимдердің этимологиялық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеуде айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Э.К. Пекарский өз еңбектерінде якут және чуваш тілдерінде сақталған көне түркілік гидронимдердің этнолингвистикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді (Пекарский, 1959). Т. Нафасов Өзбекстан аймағындағы гидронимдерді зерттеп, олардың тәжік және өзбек тілдеріндегі сәйкестіктерін салыстырған (Нафасов, 1988). Бұл зерттеулер Жетісу гидронимдерін талдауда методологиялық негіз бола алады.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Т. Жанұзақов Жетісу гидронимдерін тарихи-хронологиялық және лексикалық тұрғыдан топтастырып зерттеген (Жанұзақов, 2005). Оның еңбектерінде Жетісу гидронимдерінің көне түркілік қабаттары қазақ халқының тарихи жадын бейнелейтін маңызды дереккөзі ретінде сипатталады. Ғалым гидронимдердің табиғи, жасанды және тектоникалық жағдайларға байланысты жіктелуін ұсына отырып, олардың этнолингвистикалық мазмұнын ашуға назар аударады. Б. Бияровтың зерттеулерінде Жетісу гидронимдерінің этномәдени мазмұнының ерекше қырлары қарастырылған (Бияров, 2012). Ол су нысандарының атаулары халықтың дүниетанымы мен шаруашылық қызметі арасындағы байланыс арқылы қалыптасқанын көрсетеді. Т. Жанұзақтың еңбегі Жетісу аймағындағы гидронимдердің тарихи қабаттарын хронологиялық тұрғыда талдап, олардың көне түркі дәуірінен бастау алатынын айқындайды. Ә. Қайдар этимологиялық зерттеулерінде сөз түбірі мен оның көне түркілік мағынасын анықтаудың маңыздылығын атап өтеді. Ол гидронимдердегі өлі аффикстер мен тарихи тілдік қабаттарды зерттеудің қажеттілігін көрсеткен. Д. Жүнісов өзінің «Сулы, нулы Жетісу» атты еңбегінде Жетісу өңіріндегі су нысандарының халықтың шаруашылығы мен тұрмысында алатын орны туралы жазған (Жүнісов, 2006). Оның зерттеулері су нысандарының атауларын этнографиялық және мәдени контексте қарастырумен ерекшеленеді.

Жетісу гидронимдерін зерттеу көне түркілік атаулардың мәдениет, тіл және тарихтағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін біріктіре отырып, Жетісу гидронимдерінің этнолингвистикалық ерекшеліктерін ашуға болады.

Нәтижелер және талқылау

Жетісу аймағы гидронимдерінің лингвогеографиялық сипаты. Гидронимдерді жалпы жер-су аттарымен қатар бастапқыда география ғылымы зерттеген. К.Д. Қаймулдинованың айтуынша, адам баласының алғашқы қоныстары су көздері маңында пайда болғанын тарихи-археологиялық деректер дәлелдеп отыр. Адамзат тарихындағы ең алғашқы географиялық терминдер мен атаулар суға қатысты (Қаймулдинова, 2011: 101-102). Сондықтан су нысаны атаулары ең көне атау қатарына жатқызылады. Соған қарамастан осы күнге дейін су нысаны атауларының санында нақтылық жоқтығы көрінеді. Т. Жанұзақов «Қазақстан географиялық атаулары: Алматы облысы» атты еңбегінде «Таулы аймақтың өзен суға бай келетіні белгілі. Әсіресе өзендер мен қайнар, бастау, бұлақ атаулары өте көп. Оның есесіне көл атауы аз кездеседі» – деп, аталған еңбектегі топонимдер сөздігінде сегіз жүздей өзен атауын көрсетіп, оның кестесін берген. Көл саны бұл еңбекте де анықталмаған, тек аттары әйгілі көлдерден: *Алакөл, Сасықкөл, Балқаш, Алтынкөл, Қапшағай теңізі, Ақкөл, Жасылкөл, Қаракөл, Қалған көлі, Тереңкөл, Тұзкөл, Шоганақкөл, Көлащы* тәрізді көлдер аталады (Жанұзақов, 2005: 233-251).

Халық арасында «Жер жаннаты – Жетісу» атанған бұл ғажайып өлке аспанмен таласқан заңғар таулар, айдын шалқар күміс көлдер мен арынды да асау тау өзендеріне бай, сонымен қатар бастау, қайнар, бұлақтар, көлбей созылып жатқан тау сілемдері, жон-жоталар мен биік қыр-қырат, төбелер мен шоқылар, жайлаулар мен қыстаулар, құм таулар, кең сахара жазықтар сияқты физика-географиялық нысандар да мыңдап кездеседі. Зерттеулерге қарағанда, жалпы қазақ гидронимдері, оның ішінде Жетісу гидронимдері пайда болу уәжіне, әсер етуші факторларына және пайда болу кезеңдеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Біріншіден, жерді пайдалану мен суаруды адам баласы көне замандарда-ақ біліп, шама-шарқынша қолданып келген. Қолдану амал-тәсілдеріне қарай жерді *арық қазып су тарту, канал,*

тоған, құдық, су қоймаларын салу тәрізді жолдармен суландырған. Осыдан гидронимдердің типтері анықталады:

✓ алғашқысы – *табиғи* гидронимдер, табиғи гидронимдерге ең көне атаулар жатқызылады (Балқаш көлі, Текес өзені, Лавар, Лепсі т.б.);

✓ екіншісі – *жасанды* су нысандарының *арық, құдық, канал* тәрізді түрлері (Үлкен Алматы каналы т.б.) – *өзендер* тобына, ал *тоған, бөген, әуіт, құдық, су қоймаларын* – *көл* тобына жатқызуға болады (Күрті бөгені, Бесқұдық, Жарқұдық, Ақтоған, Бабатоған, Қапшағай су қоймасы, Бартоғай су қоймасы т.б.);

✓ үшіншісі – *тектоникалық* жағдайдан туындаған гидроним түрлері. Солтүстік Тянь-Шань маржандары атанған Күнгей, Алатау жотасындағы көрікті Көлсай көлдері тектоникалық жағдайға орай шамамен 1887-1911 жыл аралығындағы жер сілкінісіндегі өзгерістерден пайда болған. Қайыңды және Көлсай өзендерінің арналарында *Жоғарғы Көлсай, Ортаңғы Көлсай, Төменгі Көлсай* деп аталатын ғажайыпқа толы аймақ бар. Қазіргі күні бұл аймақ «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» құрамында экологиялық және танымдық туризм көзіне айналып келеді.

Екіншіден, белгілі ономаст ғалым Т. Жанұзақовтың тұжырымдауынша, өлке тарихына көз жібергенде, ертедегі ұлы оқиғалардың, әрбір дәуірде өмір сүріп, ізін қалдырған талай тайпалар мен ұлыс, ұлт, халықтардың өткенін көруге болады. Осыған орай ғалым Жетісу өлкесі су нысаны аттарын тарихи хронологиялық және тілдік табиғаты жағынан лексикалық қабаттарға бөліп топтастырады, өйткені бұл топтастыру барысында атаулардың қандай кезең, дәуірге тән екендігін анықтауға болады деп есептейді. Атап айтқанда, *ежелгі* дәуірге тән атаулар; *көне* түркі (қазақ) дәуіріне тән атаулар; *жаңа* дәуірге тән атаулар және Қазақстанның *тәуелсіз мемлекет* болған кезеңіндегі атаулар (Жанұзақов, 2005: 15-16). Бұл жіктеме жалпы топонимикаға қатысты алғанда, әрине, дұрыс. Топонимдік атаулардың қоғамдағы өзгерістерге байланысты ауысуы, өзгеруі көп жағдайда ойконимдерге тән.

Географтар мен су шаруашылығы, суландыру мамандарының зерттеулерінде Жетісу өлкесінің оңтүстігі, оңтүстік-шығысы мен шығыс жағы биік тау жоталарынан тұрады, ал солтүстігі мен батысы еңіс, төмен, жайдақ келеді, сондықтан өзендердің көбі оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай ағады. Өлкедегі өзендердің 90%-ы Балқаш көлі алабына қарайды да, қалғандары Алакөл алабындағы көлдерге құяды. Ірілі-ұсақты өзендердің көлдерге жетпей, құмға сіңіп кетуі де кездеседі (Жүнісов, 2006: 34). Бұл Қазақстанның кей өңірлеріне қарағанда, Жетісу өңірі гидрографиялық жүйесінде өзендер желісінің берік, біркелкі сипатын танытады. Д. Жүнісов Жетісу жеріндегі су шаруашылығының тарихы мен дамуы, су қорын пайдалану мен гидрографиясы жайындағы зерттеуінде өңірде сексен мыңға жуық ірілі-ұсақты өзен-көл мен су қоймалары бар (Жүнісов, 2006: 34-38) деген тұжырым жасаған.

«Жер-судың аты – тарихтың хаты» демекші қасиетті бұл өлке қаншама кең, ұлан-ғайыр болса, оның бет-бедері де атау сөздерге толы, бай, әлі күнге сыры ашылып жазылмаған кітап» (Жанұзақов, 2005: 14). В.А. Никоновтың айтуынша, географиялық *атау* (жалқы атау) – сөз, сондықтан өзге сөздер тәрізді тіл заңдылығына бағынып, тілдің жалпы заңдылықтарына бейімделген тілде жоқ ерекше жүйе құрайды. Сол себепті су нысаны атауларындағы этномәдени мазмұнды сезініп түсіну үшін өзен-көлдің саны ғана маңызды емес, олардың ішкі мазмұнындағы сыры маңызды, себебі ол нысандардың халық қойған аты – таңбасы бар. Қазіргі күні олардың кейбірінің суы сарқылып, табаны кеуіп, кейбірінің сыртқы формасы өзгеріске ұшырап (*Лавар, Өсек, Балқаш, Лепсі, Сұмбе, Кеген, Бақанас, Қорғас* т.б.), атаулардың мағынасы көмескіленсе де, халық жадында сақталатыны, ұмытылмайтыны анық. Гидронимдер – топонимиканың құрамдас бөлігі. Тұтастай алғанда, топонимиканың лингвистикалық пән ретіндегі міндеті де осы – халық тарихы үшін аса маңызды этномәдени бірліктер сырын ашу.

География ғылымында жер-су атаулары пайда болуының *тарихи, табиғи-географиялық, әлеуметтік, экономикалық* факторлары сөз болып жүр (Қаймульдинова, 2011: 156-179). Аймақтық топонимдерді зерттеушілердің пікірі бойынша, олардың өзіндік ерекшелігі мен қалыптасуына негізгі үш фактор әсер етеді: географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік. Осы үшеуі диалектикалық үдеріс үстінде бірлікте болады. Жер-су атауларының пайда болу себебін

бұлайша бөлу шартты саналады, өйткені бұл факторлар – бірінен-бірін бөлуге келмейтін тұтас жүйе. Осы жүйе табиғи-географиялық негізге сүйенеді, халық өзі тіршілік ететін кеңістікті зерделеп, шаруашылығын соған сәйкес ұйымдастырады. Су нысандарына ат қойып таңбалауда этномәдени фактор мен географиялық фактор тығыз байланысты, себебі әр халықтың негізгі кәсібі, тұрмыс-шаруашылығы және соларға қатысты әдет-ғұрыптары мен этнотанымы белгілі географиялық ортада қалыптасады. Географиялық орта оларға алғышарт және негіз болады (Тасполатов, 2010: 50). Қазақстанның ұлан-байтақ аймағында сол қоршаған ортаның ерекшеліктеріне сай геоэкологиялық, ландшафттық-климаттық зоналарға байланысты төрт түліктің белгілі түрлері басым түрде өсіріледі (Мұқанов, 1974: 76-77). Мал шаруашылығын қалыптастырып дамытуда табиғи сулар, су көздері, суаттар үлкен роль атқарған, оларды пайдалану маңызды болған, олардың атауларында судың сапасы, тереңдігі, таяздығы т.б. суға қатысты этномәдени ақпарат сақталады. Мысалы: *Ащысу, Ащысай, Тұздыбастау, Суықбастау, Қотырбұлақ, Жалақсу, Күмісбұлақ, Айнакөл, Алакөл, Байбұлақ, Бестоган, Қаратоган, Күбіқұдық, Қосқұдық, Тасқұдық, Қасқабұлақ* т.б.

Жер-су атауының қайсысы болса да бастапқыда халық қойған географиялық атаулар болып табылады, сонымен қатар ол атаулар халықтың тарихи жадының көрінісі ретінде өз ішіне әуелі тілді, рухани ұғым-наным мен дүниетанымды, әдет-ғұрыпты да қоса қамти отырып, кешенді түрде ақпарат берудің қайнар көзіне айналады (Пангереев, 2017: 221). М. Мырзахметовтің пайымдауынша, тарихта кез келген халықтың жоғалып, не жойылып кетуі мүмкін, бірақ халық қойған атаулар сол халықтың тарихынан хабар беретін халық жадының индикаторы тәрізді құбылысқа айналмақ (Мырзахметов, 1998: 220). Бұл тұжырымнан су нысаны атаулары да пайда болу факторларының әсерінен фонетикалық, құрылымдық өзгеріске түсуі кездеседі, сондықтан атаулардың бәрі бірдей табиғи географиялық белгісін жоғарыда берілген атаулардай нақты көрсете алмауы мүмкін. Осыған орай Т. Жанұзақов жер-су атауларының пайда болу, даму кезеңдерін қазақ жерін мекен еткен ежелгі ру-тайпалар мен түркі халықтарының тарихымен байланыстыра қарастырады. Осы түсінігі қиын саналатын лексикалық қабаттың өз алдына бір топ құрайтынын, бұлардың негізінен тым көне дәуірлерге (Орал-Алтай тіл бірлестігі кезеңіне) тән болулары да ықтимал екендігін айтып, жер-су аттарын тарихи-хронологиялық тұрғыдан және тілдік табиғаты жағынан лексикалық қабаттарға бөліп топтастыруды орынды санайды (Жанұзақов, 2007: 15-16).

Әр дәуір, кезең лексикалық қабатқа ізін қалдырып отырады. Түркітану ғылымында түркі тілдерінің сөздік құрамын жалпытүркілік лексикалық қабат және аймақтық лексика деп бөлушілік бар (Щербак, 1994: 27). Мұндағы «аймақтық» лексика термині жеке түркі тілдеріне қатысты алынады. Осы жіктеліске сай қазақ тілінің аймақтық лексикасы түркі тілдеріне ортақ жалпытүркілік қабаттан, аймақтық төл лексикадан, сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған туынды қабаттан және қарым-қатынас іздері сақталған кірме қабаттан тұратыны жайлы тұжырымдалған (Атабаева, 2006: 110). Жалпытүркілік қабат тарихи тұрғыдан алғанда ең ежелгі, жалпы түркі тілдеріне ортақ атаулардан тұратыны белгілі, сондықтан жер-су атауларына қатысты алғанда жалпытүркілік қабатты «көне түркілік» қабат санаушылық кездеседі. Жалпы лексикалық қабат тұрғысынан алғанда, аталған жіктелісте шарттылық бары айқын.

Осы ежелгі дәуірлерде халықтық компоненттері алғашқы топонимдердің негізі болған фоносемантикалық және басқа да параметрлері жағынан туыстас және туыстас емес тілдерге қатысы бар топонимдерді *субстраттық* деп атайды. Жер-су атауларының қалыптасу тарихына қатысты алғанда субстраттық топонимдердің пайда болып қалыптаса бастауы түркі тілдері дамуының ежелгі-көне, орта дәуірлеріне тән. Жетісу аймағында субстраттық саналатын географиялық атау қатарына *Асы, Лабасы, Лавар, Ленсі, Кеген, Сөгеті* т.б. атауларын жатқызуға болады. Бұл атаулардың дыбыстық, құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырауы нәтижесінде олар қазіргі күні түсініксіз болып кеткен. Этимологиялық зерттеу әдісі арқылы олардың архисемасын жаңғыртуға болады. Мұндай атауларды «көне түркілік» қабат санаған зерттеуде *Лабасы (Лабазы), Лавар/Лабар, Ленсі* атауларының этимологиясына шолу жасалады (Атабаева, 2017: 127-137).

Лабасы (Лабазы) – Алматы облысы Райымбек ауданындағы тау және өзен аты.

Е. Қойшыбаев *Лабазы* тұлғасының шығуы жайында екі түрлі пікір ұсынады: а) «*лаб* (ир. Жағалау) + *азы* (аз жағалауы) – этнотопоним; ә) қазақ тілінде «Іле басы» сөздерінен құралып, ілгерінді ықпал әсерінен дыбыстық өзгерістерге ұшыраған атау. Ал *Лабасы* тұлғасы көне түркіде *лаба+асы* «Асының саласы» мағынасын білдіреді деп түсіндіреді (Қойшыбаев, 1985: 182). Зерттеушілердің көпшілігі *лаб* сөзін тәжік тілінің «жаға, өзен бойы» мағынасындағы сөзі деп санайды. Тәжік тілінде бұл сөз бірнеше мағына білдіреді: *лаб* – «ерін, ауыз», «шет, жаға», *лаб чуй* – «бұлақтың жағасы» (Крат. ТРС, 1955: 200). Өзбекстанда *Лабжар* тауы бар, оны Т. Нафасов жоғарыда аталған тәжік тіліндегі мағынасы арқылы түсіндіреді, яғни «*лаб+жар* (жардың жағасы, атырабы), ал *Лабсой* «сай бойы, сай жағасы» мағынасын білдіретін атау деп есептейді (Нафасов, 1988: 107). *Лабасы* атауының екінші сыңарындағы *ас* (*асы*) сөзінің көне түркі, монғол тілдеріндегі мағынасы «су, өзен жағасы, өзен бойы» дегенге жақын (Подольская, 1988: 143-144). Осы жорамал бойынша, *Лабар/Лавар, Лепсі/Леп* атауларының да түбірі *лаб/леп* деп пайымдауға болады.

Лавар/Лабар – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы өзен атауы, осы маңайдағы шағын елді мекенде *Лавар* аталады. Осындай атау Талдықорған жағында да бар. Атаудағы айырмашылық *б~в* дыбыстарының алмасуында ғана. Е. Қойшыбаевтың пайымдауынша, *лаб* (ир.) «жағалау» мағынасын білдіреді, ал *ар* – өлі аффикс, көне түркіде де осы тұлғада: *лаба* «өзен, су» + *ар* аффикс (Қойшыбаев, 1985: 182) қолданылған деп есептейді. Ал якут, чуваш тілдерінде *лаба/лапа* «сай, жыра» мағынасында, Т. Жанұзақов «ар» көне аффикстен гөрі иран тіліндегі «су, өзен» сөзіне бейім деп есептейді. Осы деректерге сүйенген Т. Жанұзақовтың тұжырымы бойынша: «Егер *лаб* сөзі «шет, жаға, өзен басы, сай, жыра» мәніне ие болса, онда *Лавар/Лабар* беретін мағынасы «сайдағы, жырадағы өзен, бұлақ» болып шығады, аффикс өліге айналған. Өзенмен аттас *Лавар/Лабар* тауы да жоғарыда, биікте, өзен басында, өзен басын сол таудан алады» (Жанұзақов, 2005: 144).

Сөйтіп, қазіргі күнгі тұрпатына қарағанда кірме сөз тәрізді болып көрінетін мағынасы түсініксіз, күңгірт атауды жаңғыртқанда «сайдағы, жырадағы өзен, бұлақ» екені анықталады, бұл атаудың құрамындағы аффикстің өлі аффикске айналуы да – оның көнелігінің дәлелі.

Жоғарыда келтірілгендей, *Лавар/Лабар* атауларымен түбірлес келетін енді бір атау – *Лепсі*. *Лепсі* – Алматы облысы Қаратал және Ақсу аудандары жеріндегі өзен, ұзындығы – 418 шақырым. Осы өзеннің бойындағы Алакөл аудандық әкімшілігі, Сарқант ауданындағы кент және теміржол стансысы мен Мемлекеттік қорық та *Лепсі* аталады. Сонымен қатар *Лепсі* – Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтың да аты. *Лепсі* өзенінің оң саласы – Сарымсақтының бастауында (Жанұзақов, 2005: 438-439). Атау туралы алғашқы деректі Т. Жанұзақов В.А. Аристовтың еңбектерінен ұшыратады, онда өзен *Лансу* аталғаны жайында айтылған. Э.К. Пекарский атаудың шығуы туралы: «Көне түркілердің сай, өзен, сала, жыра мәніндегі *лаба/лапа* тұлғалы сөздері қазіргі якут және чуваш тілдерінде күні бүгінге дейін сақталып келеді» (Пекарский, 1959: 145), – деп жазады. А. Әбдірахмановтың ойынша, атау *Лансу* >*Лепсі* болып өзгерген (Әбдірахманов, 1975: 129). Е. Қойшыбаев осы пікірді қуаттай келе: «*Лансу* атауының қазақ тілі мәнеріне келе-келе, *Лансу*>*Лансы*>*Лепсі* формаларын қабылдауы логикаға сияды» (Қойшыбаев, 1985: 183), – деп тұжырымдайды. Т. Жанұзақов осы тектес атаулардың өзге де түркі тілдерінде, атап айтқанда, өзбек тілінде: *Лабжар, Лабиоб, Лабсай, Лабиховуз*; түрікмен тілінде: *Лебан, Лебяп*; башқұрт тілінде: *Лабау, Ылабу күле, Лапа* т.б. кездесетіні жайында айтады. Атауға қатысты деректерді саралай келе, Т. Жанұзақов: «*Лепсі* өзені атының бастапқы тұлғасы – *Лансу*, оның архетипі *Лабас* деп танудың негізі бар. Ал *Ла+бас* атауының *Ла* бір буынды түбір екені, мағынасы «өзен, су», ал *бас* – «бас жақ», яғни *Лепсі* <*Лабас* «өзен, су басы» тәрізді мағыналарға ие сияқты» (Жанұзақов, 2007: 143-145), – деп жорамалдайды.

Қорытынды

Жер-су атауларының этнос санасында бекіп қалыптасу жолы тым әріден басталады. Ол белгілі адамдар қауымының жетілуімен тікелей байланысты. Кез келген жалқы есім халықтың күн көрісіне қарай өмірге деген қажеттіліктен туған. Мақалада Жетісу аймағы гидронимдері пайда болу уәжіне, әсер етуші факторларына, пайда болып, қалыптасу кезеңдеріне қарай бірнеше

топқа бөлінді. Атап айтқанда, лингвистикада оның *географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік* факторлары анықталды.

Қазақ гидронимдері қазақ халқы мекен еткен аймақтағы әртүрлі факторлардың әсерімен қалыптасқан. Аталған факторларға сай Жетісу аймағы гидронимдерінің *табиғи, жасанды, тектоникалық* жағдайларға байланысты пайда болатыны айтылып, оның үш түрі көрсетілді. Ежелден-ақ «Су – тіршілік көзі» деп санаған қазақ халқының ата-бабалары су нысандары маңайына, *табиғи* нысандарға жақын қоныс тепкен.

Жетісу өлкесі тарихы Қазақ халқы тарихымен байланысты егжей-тегжейлі қарастырылып келеді. Осыған орай өлке жер-су атаулары тарихи-хронологиялық тұрғыдан: *ежелгі дәуірге тән атаулар; көне түркі (қазақ) дәуіріне тән атаулар; жаңа дәуірге тән атаулар* деп таптастыратын пікірлерге қарай отырып, мақалада *көне түркі* дәуіріне тән *Асы, Лабасы, Лепсі* атауларының этномәдени мазмұнын анықтауға қадам жасалды.

Су нысандары жеке дара кездеспейді, өйткені адам баласы бастапқыда су нысанын таңбалаған жер бедері өздері қоныс еткен мекеннің сол су нысанымен аталуы жиі кездеседі. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың жер-су атауларына әсер етіп өзгертуі мүмкін. Қазақ елі тәуелсіз ел болғалы сол тарихи қателікті түзетіп келеді. *Жасанды* нысандар көп жағдайда сол жердің атымен аталады (Бартоғай, Қапшағай т.б.).

Әр халықтың ұлттық дүниетаным деңгейі атаулардан көрінеді. Құрылымына қарай көне қабатқа жататын су нысаны атаулары түбір, туынды, біріккен, кіріккен тұлғалы болып келеді, қазіргі күні түбір тұлғаға ұқсайтын атаулар құрамында өлі жұрнақтар (Лаб+ар) сақталған.

Сөйтіп, жер-су атауларының ежелгі-көне қабатына қатысты талдаулар атаулардың архисемасы түркілердің ата тілінен, көне түркі тілінен сыр тартатынын байқатады. Жалпытүркілік лексикадан сақталып қалған сөздер осы күнгі түркі тілдеріне ортақ сөздер тобын құрайды, негізгі сөздік қордың ұйытқысы болып табылады. Су нысаны атауларының жасалуында осы ұйытқы сөздер, апеллятивтер басты орын алады.

Әдебиеттер

- Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: Білім, 2006. – 88 б.
- Атабаева М.С. Жер-су атауларының көне түркілік қабаты жайында // *Altay Communities Language and Literature Issues*. – Istanbul, 2017. – Б. 127-137.
- Атабаева М.С., Снабекова М.М. Халықтық космонимдер – этномәдени дереккөз // *Қазақстанның ғылымы мен өмірі*. – №7. – 2020. – Б. 67-170.
- Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 206 б.
- Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: МТДИ, 2012. – 460 б.
- Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
- Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- Жүнісов Д. Сулы, нулы Жетісу. – Алматы: Арыс, 2006. – 232 б.
- Крат. ТРС: Краткий таджикско-русский словарь. – Москва: Наука, 1955.
- Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- Қаймульдинова К.Д. Топонимика. – Алматы: Дәуір, 2011. – 336 б.
- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 156 б.
- Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
- Мырзахметов М. Түркістанда туған ойлар. – Алматы: Санат, 1998. – 368 б.
- Нафасов Т. Узбекистон топонимларининг изохли луғати. – Тошкент, 1988.
- Пангереев А.Б. Топонимдердің танымдық және эстетикалық қызметі // *Қазақстанның ғылымы мен өмірі*. – №5 (49). – 2017. – Б. 220-224.
- Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. В 3-х томах. – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1959.
- Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1988. – 187 с.
- Тасполов Б.Т. Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – 2010. – 148 б.
- Щербак А.М. Введение в сравнительное учение тюркских языков. – Санкт-Петербург: Наука, 1994. – 191 с.

References

- Abdirahmanov, A. (1975) *Toponimika zhane jetimologija*. Almaty: Gylym, 206 b. [Abdirakhmanov, A. (1957) *Toponomics and etymology*. Almaty: Gylym, 206 p.] (in Kazakh)
- Atabaeva, M.S. (2006) *Qazaq tili dialektilik leksikasynyng jetnolingvistikalыq negizi*. Almaty: Bilim, 88 b.

- [Atabayeva, M.S. (2006) Ethnolinguistic basis of the dialect vocabulary of the Kazakh language. Almaty: Bilim, 88 p.] (in Kazakh)
- Atabayeva, M.S. (2017) Zher-su ataularynyng kone turkilik qabaty zhajynda. Altai qauymd. til zhane adebiet maseleleri. Istanbul, B. 127-137. [Atabayeva, M.S. (2017) About ancient Turkic layer of toponyms. Altay Communities Language and Literature Issues. Istanbul, P. 127-137.] (in Kazakh)
- Atabayeva, M.S., Snabekova, M.M. (2020). Halyqtyq kosmonimder – jetnomadeni derekkoz. Qazaqstannyng gylmy men omiri. №7, B. 67-170. [Atabayeva, M.S., Snabekova, M.M. (2020) Folk cosmonauts – ethnocultural source. Science and Art of Kazakhstan. №7, P. 167-170.] (in Kazakh)
- Biarov, B. (2012) Zher-su attarynyng sozzhasamdyq ulgileri. Almaty: MTDI, 460 b. [Biyarov, B. (2012) Models of Word Formation in Place Names. Almaty: MTDI, 460 p.] (in Kazakh)
- KTRS: Kratkij tadjhisko-russkij slovar' (1995). Moskva: Nauka. [ShTRD: Short Tadjik-Russian dictionary (1995). Moscow: Nauka.]
- Muqanov, S. (1974) Halyq murasy. Almaty: Qazaqstan, 236 b. [Mukanov, S. (1974) National heritage. Almaty: Kazakhstan, 236 p.] (in Kazakh)
- Myrzahmetov, M. (1998) Turkistanda tugan ojlar. Almaty: Sanat, 368 b. [Myrzakhmetov, M. (1998) Ideas came in Turkistan. Almaty: Sanat, 368 p.] (in Kazakh)
- Nafasov, T. (1988) Uzbekiston toponimlarining izohli lurati. Toshkent. (in Uzbek)
- Pangereev, A.B. (2017) Toponimderding tanymdyq zhane jestetikalyq qyzmeti. Qazaqstannyng qylym men omiri. №5(49), B. 220-224. [Pangereyev, A.B. (2017) Aesthetic and cognitive function of toponyms. Science and Art of Kazakhstan. №5(49), P. 220-224.] (in Kazakh)
- Pekarskij, E.K. (1959) Slovar' jakutskogo jazyka. V 3-h tomah. Leningrad: Izd. AN SSSR. [Pekarskiy, E.K. (1959) Dictionary of Yakut language. Leningrad: Publ. House of the USSR Academy of Sciences.] (in Russian)
- Podol'skaja, N.V. (1988) Slovar' russkoj onomasticheskoy terminologii. Moskva: Nauka, 187 s. [Podolskaya, N.V. (1988) Dictionary of Russian onomastics terminology. Moscow: Nauka, 187 p.] (in Russian)
- Qajdar, A.T. (1998) Qazaq tilining ozekti maseleleri. Almaty: Ana tili, 304 b. [Kaidar, A.T. (1998) The actual problems of Kazakh language. Almaty: Ana tili, 304 p.] (in Kazakh)
- Qaimuldinova, K. (2011) Toponomika. Almaty: Daur, 336 p. [Kaimuldinova, K. (2011) Toponomics. Almaty: Daur. 336 p.] (in Russian)
- Qojshybaev, E. (1985) Qazaqstannyng zher-su attary sozdigi. Almaty: Mektep, 156 b. [Koishybayev, Y. (1985) Dictionary of Kazakh toponyms. Almaty: Mektep, 156 p.] (in Kazakh)
- Shherbak, A.M. (1994) Vvedenie v sravnitel'noe uchenie tjurkskih jazykov. Sankt-Peterburg: Nauka, 191 s. [Shcherbak, A.M. (1994) Introduction to comparative Turkic language studies. St.Petersburg: Nauka, 191 p.] (in Russian)
- Taspolatov, B.T. (2010) Qazygurt ongiri toponimijasynyng jetnolingvistikalıyq sipaty: filol. gyl. kand. ... avtoref., 148 b. [Taspolatov, B.T. (2010) Ethnolinguistic feature of Kazigurt toponymy: Extended abstract of cand. thesis, 148 p.] (in Kazakh)
- Zhanuzaqov, T. (2005) Qazaqstan geografıjalyq ataulary. Almaty oblysy. Almaty: Arys, 256 b. [Zhanuzakov, T. (2005) Geographical names of Kazakhstan. Almaty region. Almaty: Arys, 256 p.] (in Kazakh)
- Zhanuzaqov, T. (2007) Qazaq onomastikasy. Almaty: Dajk-Press, 524 b. [Zhanuzakov, T. (2007) Kazakh onomastics. Almaty: Dyke-Press, 524 p.] (in Kazakh)
- Zhuniso, D. (2006) Suly, nuly Zhetisu. Almaty: Arys, 232 b. [Zhunisov, D. (2006) Water and wonderful Zhetisu. Almaty: Arys, 232 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.06.2023.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.12.2024.

© Салихова С.Қ., Атабаева М.С., Каймаз З., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024